

Ерекше балаларға -

ерекше қамқорлық!

ПАЦИЕНТКЕ АРНАЛҒАН АНЫҚТАМА



ҰЛТТЫҚ БАЛАЛАРДЫ
ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ




Құрметті пациенттер мен ата-аналар!

Біздің Орталығымыз – психоневрологиялық және нейроортопедиялық патологиясы бар балаларға мультипәндік оңалту жүргізетін, медицина ғылымы, білім беру саласында және практикада заманауи технологияларды енгізу және тарату арқылы балалар мүгедектігін азайтуға ұмтылған бірегей ұйым.

Оңалту іс-шаралары медициналық, әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық көмекті қамтиды және ағзаның компенсациялық мүмкіндігін ынталандыруға, мидың икемділігін арттыруға бағытталған.

Бұлшықет тонусының, буындардың қозғалыс қабілетінің қалпына келуі, тіндердің қоректенуі мен қан айналымының жақсаруы аясында пациенттер үшін ағзаны дамытудың түбегейлі жаңа мүмкіндіктері ашылады, қимыл-қозғалыстың жаңа стереотиптері қалыптасады, пациенттер күнделікті өмірде анағұрлым дербес бола бастайды, әлеуметтік бейімделуі мен қоғамға кірігуі айтарлықтай жақсарады.

«Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КеАҚ
Басқарма төрағасы
АЖАР ҒИНИЯТ



22018183



ЛИЦЕНЗИЯ



Ұлттық
балаларды
оңалту
орталығы

Әкімшілік

Басқарма Төрағасы	Ажар Ғиният	511-551
Басқарма төрағасының медициналық бөлімі бойынша орынбасары	Алтынбекова Айгүл Төлебайқызы	511-557
Басқарма төрағасының стратегиялық даму жөніндегі орынбасары	Павловец Лариса Павловна	511-548
Басқарма төрағасының экономикалық және әкімшілік-шаруашылық қамтамасыз ету жөнінде орынбасары	Дөкенов Айдар Нұрмұханұлы	511-547
Басқарушы директор	Амангелдіқызы Сая	511-577
Мейіргер ісі бойынша директор	Тілеулинова Райхан Рәшқызы	
«Ақжол» бөлімшесінің меңгерушісі	Әлімжанова Алмагүл Қайролақызы	511-654
«Болашақ» бөлімшесінің меңгерушісі	Құрманова Жадыра Мұратқызы	511-578
«Балбұлақ» бөлімшесінің меңгерушісі	Кенжебекова Мейрамгүл Өміртайқызы	511-653
«Бөбек» бөлімшесінің меңгерушісі	Құдайбергенов Абдулла Сүйерқұлұлы	511-560
«Қамқор» бөлімшесінің меңгерушісі	Ахметжанова Зульфия Жансейітқызы	511-549
«Қадам» бөлімшесінің меңгерушісі	Сәтпаева Аида Қалиқызы	511-552

КҮН ТӘРТІБІ

07:00	ТҰРУ УАҚЫТЫ
07:00-07:30	Таңғы гигиена шаралары, жаттығу, палатаны реттеу (төсек жинау, тумбаны, шкафты реттеу, т.т.)
07:30 - 09:00	<u>Медициналық постқа барып, мейіргердің қатаң қадағалауымен дәрі ішу уақыты</u>
07:45	Таңғы асқа жиналу
08:00 - 08:30	1-ШІ ТАҢҒЫ АС *** «Ақжол» мен «Балбұлақ» – 3-қабат «Болашақ» пен «Қамқор» – 2-қабат «Бөбек» пен «Қадам» - бөлімшеде
Маршрут парағына сәйкес	Ем-шара қабылдау, мектепке бару, оңалту шараларына бару (бөлімшедегі үйлестіруші дәрігер тағайындауларын орындау, ЕДШ, массаж, эрготерапия, психотерапия, логопедиялық іс-шаралар, физиотерапия, сумен емдеу, зерттеулер, консультациялар, науқастарды қабылдау және шығару)
11:00	2-ШІ ТАҢҒЫ АС ***
12:30 - 14:00	<u>Медициналық постқа барып, мейіргердің қатаң қадағалауымен дәрі ішу уақыты</u>
12:45	Түскі асқа жиналу
13:00 - 13:30	ТҮСКІ АС ***
Маршрут парағына сәйкес	Ем-шаралар, мектепке бару, оңалту шараларына бару (бөлімшедегі үйлестіруші дәрігердің тағайындауларын орындау, ЕДШ, массаж, эрготерапия, психотерапия, логопедиялық іс-шаралар, физиотерапия, сумен емдеу)
16:00	АРАЛЫҚ АС***
16:00 - 19:00	Туыстары келуі (эпидемиологиялық жағдайға қарай пациенттерге кіріп-шығу уақыты қосымша хабарланады)
17:30 - 18:30	Таза ауада серуендеу, пациенттерге арналған іс-шаралар өткізу
18:30 - 19:30	<u>Медициналық постқа барып, мейіргердің қатаң қадағалауымен дәрі ішу уақыты</u>
18:15	Кешкі асқа жиналу
18:30	1-ШІ КЕШКІ АС ***
20:00 - 20:40	Кешкі ем-шаралар (вертикализатор) және мейіргердің бақылауымен жүргізілетін іс-шаралар, арбаларды тазалау
20:30	2-ШІ КЕШКІ АС ***
20:50 - 21:00	Ұйқыға дайындалу (шомылу, киім ауыстыру және т.б.)
21:00	ҰЙҚЫҒА ЖАТУ
21:00 - 21:30	<u>Медициналық постқа барып, мейіргердің қатаң қадағалауымен дәрі ішу уақыты</u>

ОРТАЛЫҒЫМЫЗДА ПАЦИЕНТТЕРГЕ 6 МЕЗГІЛ ЕМДІК ТАМАҚТАНДЫРУ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН

Орталығымызда тамақтандыру емдеу үдерісінің маңызды бөлігі және ол маусымдық перспективалық мәзірге сәйкес дайындалады. Мәзір әр баланың жасын, диагнозын және денсаулығы ерекшеліктерін ескере отырып, **Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарына арналған тамақтанудың заттай нормалары және жұмсақ мүкәммалмен жабдықтаудың ең төменгі нормаларын бекіту туралы» 2002 жылғы 26 қаңтардағы №128 қаулысына** сәйкес жасалады.



Сорпа **етсіз** және дәмдеуіштерсіз, сүйек сорпасына түрлі қосымшалар қоса отырып дайындалады



Сүйектен ажыратылған етті қайнату, бұқтыру және пеште пісіру тәсілімен екінші ыстық тағамдарды дайындауға қолданады. **Қуырмайды**

Бізде ресми түрде **диеталық ас мәзірінің** 3 түрі қарастырылған:

№15 ҮСТЕЛ – 7 ЖАСТАН 18 ЖАСҚА ДЕЙІН

Бұл диета арнайы емдік диетаны тағайындауды талап етпейтін науқастарға қолданылады.

№5 ҮСТЕЛ – 3 ЖАСТАН 7 ЖАСҚА ДЕЙІН

Қолданылу көрсеткіштері: ауыр бауырдың қабынуы (гепатиттер) мен өт қабының қабынуы (холециститтер) сауығу кезеңінде, созылмалы гепатиттер, бауыр циррозы, өт жолдарының қабыну зақымданулары тыныш кезеңде (асқазан мен ішектің қосымша аурулары жоқ жағдайда)

№8 ҮСТЕЛ

Толық балаларға, соның ішінде глютенсіз тамақтану қажет ететіндерге арналған

№9 ҮСТЕЛ

Жеңіл және орташа ауырлықтағы қант диабеті бар балаларға арналған. Сондай-ақ аллергиялық жағдайларда, ревматизм, бронхиалды астма және басқа да ауруларда қолдануға болады.

*****тамақты талғап жейтін және дисфагиясы** бар балаларға жеке тағам мәзірі дайындалады

Орталықта эпилепсияның ауыр түрлері бар балаларға көрсетілімдер бойынша тағайындалатын **кетодиета** да қолданылады

Диетолог дәрігердің ұсынымы бойынша **дене салмағы айтарлықтай төмен** балаларға арнайы емдік диета тағайындалады

******* Бізде емдік-диеталық ас мәзірі болғандықтан, тағамдар майлы емес және **«ҮЙДЕГІДЕЙ»** болмайды



1-ОРЫН
қарақұмық ботқасы
(дәрімені көп)



2-ОРЫН
сұлы ботқасы
(ең ақылды)



3-ОРЫН
арпа ботқасы
(сұлулық ботқасы)



4-ОРЫН
бұршақ ботқасы
(ең тиімді)



5-ОРЫН
жүгері ботқасы
(микроэлементке бай)



6-ОРЫН
күріш ботқасы
(жақсы тазартады)



7-ОРЫН
тары ботқасы
(жүрекке пайдалы)



8-ОРЫН
арпа жармасы
ботқасы (вирусқа,
кәрілікке қарсы)

Орталық пациенттеріне беріп жіберуге
ТҮЙІМ САЛЫНҒАН өнімдердің тізімі



кремді, сүзбелі
кондитерлік өнімдер



соус, майонез, кетчуп



саңырауқұлақ



қарбыз, жүзім, қауын



алкоголь өнімдері



тұздалған, қақталған,
салқында ысталған балық



суши, пицца,
KFC, гриль, бургер



шикі жұмыртқа, омлет



сағыз



чипс, кириешки



ет және балық
паштеті, дірілдек



үй жағдайында
жасалған сусындар



газдалған төтті
сусындар



үйдің
(сүті, айран, ірімшігі)



тез бұзылатын,
майонез қосылған салаттар



үй жағдайында
жасалған консервілер

Пациенттерге беріп жіберуге РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН өнімдер тізімі



Қабығымен қайнатылған жұмыртқа
Саны: 2 дана
Сақтау мерзімі: 24 сағат




Аштылған сүт өнімдері
Мөлшері: 0,5 л
Ашқаннан кейін 12 сағат



Сүт
Мөлшері: 0,5 л
Ашқаннан кейін 12 сағат




Сүзбе
Мөлшері: 200 гр,
Ашқаннан кейін 12 сағат




Сары май
Мөлшері: 200 гр
Сақтау мерзімі 12 сағат



Қатты ірімшік
Мөлшері: 200 гр,
Сақтау мерзімі 48 сағат



Шұжық
Мөлшері: 200 гр
Ашқаннан кейін 12 сағат



Кәмпиттер
Мөлшері: 200 гр




Салат
Мөлшері: 200 гр,
сақтау мерзімі: 6 сағат



Сорпа
Мөлшері: 500 гр
Сақтау мерзімі: 6 сағат



Қою тамақ
Мөлшері: 500 гр,
Сақтау мерзімі: 6 сағат



Шырын
Мөлшері: 0,5 л
Сақтау мерзімі: 12 сағат




Минералды су
Мөлшері: 0,5 – 1 л
Сақтау мерзімі: 48 сағат



Кулинария өнімдері
Саны: 3-4 дана
Сақтау мерзімі: 12сағат




Нан өнімдері
Мөлшері: 800гр
Сақтау мерзімі: 48 сағат



Туралған ет өнімдері
Мөлшері: 200 гр,
Сақтау мерзімі: 12 сағат



Тауық еті (суға піскен)
Мөлшері: 300 гр
Сақтау мерзімі: 12 сағат



Печенье
1-2 шағын қаптама
Сақтау мерзімі:
каптамасына қарау



Қант ұнтағы
Мөлшері: 300 гр
Сақтау мерзімі: шектеусіз



Жеміс-жидек
Мөлшері: 500 гр
Сақтау мерзімі: 12 сағат

ОТТЕГІ КОКТЕЙЛІ

ӨКПЕНІҢ ЖҰМЫСЫН
ЖАҚСАРТАДЫ



АҒЗАНЫ
СЕРГІТЕДІ



АС ҚОРЫТУДЫ
ЖАҚСАРТАДЫ



ИММУНИТЕТТІ
КӨТЕРЕДІ



ЕМШАРАҒА БАРУ ЕРЕЖЕСІ

М І Н Д Е Т Т І Т Ы Р Д Е



Емшараға белгіленген күні және уақытта келіңіз



Маршрут парағы мен браслетті алып жүріңіз



Дене қызуы көтеріліп, әлсіреп, мазасызданып тұрған жағдайда мейіргерге хабарлаңыз



Емшара алдында және емшарадан кейін сәл тынығып алған жөн (10-20 мин)



Емшара жүргізген мейіргердің нұсқауларын мұқият тыңдап, емшара кезінде және одан кейін қатаң сақтаңыз



Емшара жасалған жерде бөртпелер немесе жағымсыз сезім пайда болса, міндетті түрде мейіргерге хабарлаңыз

Т Ы Й Ы М С А Л Ы Н А Д Ы



Емшара кезінде ұйықтауға



Физиотерапия емшарасы кезінде өз бетінше дене позициясын ауыстыруға, сымдарды ұстауға, электродтарды алуға



Қорғалмаған көзбен жарық көзіне қарауға




Аппараттарға, лампаларға, жылыту батареяларына және су құбырларына қолды және басқа да дене мүшелерін тигізуге




Мобильді телефонды қолдануға болмайды


ЕДШ ЗАЛЫНА БАРУ ЕРЕЖЕСІ




МІНДЕТТІ ТҮРДЕ
Спорттық киім
және таза шұлық



Ата-аналар сабаққа
ҚАТЫСУҒА МІНДЕТТІ



Алғашқы сабақта
нұсқама беріледі



30 мин –
белсенді жұмыс
+10 мин –
қалпына келу үшін




ЕДШ жабдығымен жаттығу
кезінде **қауіпсіздік**
техникасын сақтау керек



Жабдықты
ТАЗА КҮЙІНДЕ
орнына қою керек




Жабдықты палатаға
алып кетуге болмайды



Вертикализаторды
бала тамақтандыру үшін
қолдануға болмайды



Емдеуші дәрігердің
тағайындауларын
ҚАТАҢ САҚТАҢЫЗ




КЕЗ КЕЛГЕН АУЫРСЫНУ БЕЛГІСІ
жөнінде дереу
дәрігерге айтыңыз

БАССЕЙНГЕ КІРУ ЕРЕЖЕСІ

*** емдеуші дәрігердің тағайындауы бойынша



емдеуші дәрігердің
тағайындауымен
гидрожергек



ересектер
бірге ертіп
жүруі керек



нақты белгіленген
күні және
уақытта келу



сабаққа 10 минут
ерте келу.
сабақ 20 мин. болады



бассейн алдында
санитарлық
торапқа барып,
душқа түсу



міндетті түрде
денесін қарап-
тексереді



Халат, сүлгі, резеңке
тәпішке, шомылуға
арналған костюм,
резеңке баскиім




Сабақ нұсқаушы
ысқырықпен белгі
бергеннен
кейін басталады



Абайлаңыз!
Еден тайғақ!



Бассейннен шығып,
киім ауыстыратын
жірге кірерде
душқа түсіп,
сүртініп алыңыз.



нұсқаушының
талаптары
барлығына міндетті



киім ауыстартын
жерде тазалық
сақтаңыз



Сабақ
басталғанға дейін
2-3 сағат бұрын
тамақ ішуге



Секіруге,
жүгіруге,
борттан
суға сүңгуге



Бассейнде
айқайлауға,
шулауға



Денеде жарақат,
бөртпелер болса,
өтпелі ауру кезінде

Қазақстан Республикасының «ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ» кодексі

78-бап. Балалардың құқықтары

1. Әрбір баланың:

- 1) денсаулық сақтау жүйесінің қазіргі заманғы және тиімді көрсетілетін қызметтері мен ауруларды емдеу және денсаулықты қалпына келтіру құралдарын пайдалануға;
- 2) денсаулықты сақтау саласында білім алуға;
- 3) профилактикалық медициналық қарап-тексерулерге және динамикалық байқауға, емделуге, дәрілік қамтамасыз етілуге, сауықтырылуға және вакцина алуға **құқығы бар**.

2. Стационар жағдайында:

- 1) бес жасқа дейінгі балаларды, сондай-ақ дәрігерлердің қорытындысы бойынша қосымша күтімге мұқтаж естияр жастағы науқас балаларды емдеу кезінде анасына (әкесіне) немесе баланы күтіп-бағуды тікелей жүзеге асыратын өзге адамға медициналық ұйымда онымен бірге болу мүмкіндігі беріледі және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ немесе анықтама беріледі.
- 2) бір жасқа дейінгі баласын емізетін ана медициналық ұйымда баланы күтіп-бағу үшін болған бүкіл кезеңде тегін тамақпен қамтамасыз етіледі.
- 3) мектеп жасындағы балалардың стационар жағдайында мамандандырылған медициналық көмек, медициналық оңалту, сондай-ақ паллиативтік медициналық көмек алу кезеңінде уәкілетті орган білім беру саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп айқындаған тәртіппен үздіксіз білім алуға құқығы бар.
- 4) мүмкіндіктері шектеулі, АИТВ инфекциясын жұқтырған балалардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім беру, денсаулық сақтау ұйымдарында тегін медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау алуға **құқығы бар**.

Қазақстан Республикасының Конституциясына және «ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ» кодексіне сәйкес азаматтардың денсаулығын қорғау жөніндегі Қазақстан Республикасының заңдары

Қазақстан Республикасының азаматтары:

- * заңмен белгіленген кепілді медициналық көмектің көлемін тегін алуға ;
- * тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етілуге;
- * тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен тыс және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде өз қаражаты, ұйымдардың, ерікті медициналық сақтандыру жүйесінің қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де көздер есебінен қосымша медициналық көмекке;
- * емделуге және басқа да медициналық араласуға хабардар етілген келісім беруге немесе олардан бас тартуға;
- * медицина қызметкерінің құпиясын құрайтын мәліметтердің қорғалуына;
- * Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өздеріне медициналық көмек көрсету кезінде денсаулығына келтірілген зиянды, оның ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру арқылы өтетуге;
- * медицина және фармацевтика қызметкерлерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағымдануға;
- * мемлекеттік медициналық сараптама қорытындыларымен келіспеген жағдайда, тәуелсіз сарапшыларды тарту туралы жоғары тұрған органдарға өтінішхат беруге **құқылы**.

ТӘРТІП ЖӘНЕ ПАЦИЕНТТЕР МЕН ОЛАРДЫҢ КҮТУШІЛЕРІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

1. Ұлттық балаларды оңалту орталығы (бұдан әрі - Орталық) медициналық көмек және қызмет көрсету кезінде пациенттер мен олардың отбасыларының құқықтары мен міндеттерінің сақталуын қамтамасыз етуге жауапты.

1.1. Медициналық көмек пен қызметтер пациенттерге құрметпен және ықыласпен көрсетіледі, олардың жеке бостандығын, қадір-қасиетін, өз пікірін еркін білдіруі мен таңдау жасау құқығын қолдайды.

1.1.1. Медициналық көмек пен қызметтер Орталықтың миссиясы мен қызметтері арқылы пациенттердің әлеуметтік, физикалық және функционалдық мүмкіндіктерін толық іске асыруына қолдау көрсетеді.

2. Медициналық көмек пен қызмет пациенттердің жеке өміріне құрметпен қарауға негізделген.

3. Пациент Орталықта болған уақытында жеке заттары мен мүлкін сақтауға және пайдалануға, сондай-ақ бұл мүліктің ұрлануынан, бүлінуінен немесе жоғалуынан қорғалуға құқылы. Сақтауға тапсырылмаған бағалы заттары үшін Орталық персоналы жауапты емес.

3.1. Орталық пациенттің жағдайының жақсаруына және оның қадір-қасиетінің сақталуына қолайлы ортаны қамтамасыз етеді.

3.2. Пациенттің отбасымен және келушілермен байланысын қолдайды.

3.3. Орталық ұйымнан тыс тұлғалармен еркін қарым-қатынас жасауына жағдай жасайды.

3.4. Пациенттің рухани, әлеуметтік және басқа да іс-шараларға немесе топтарға қатысу не қатыспау туралы шешімін қолдайды.

4. Пациент кемсітуден, қанаудан және зорлық-зомбылықтан қорғалуға толық құқылы.

5. Пациент туралы ақпарат құпия болып саналады және жоғалудан, заңсыз пайдаланудан қорғалады.

6. Орталық пациенттің отбасы мүшесінің медициналық көмек пен қызмет үдерісіне қатысу құқығын қолдайды.

6.1. Орталық пациент пен оның отбасы мүшелеріне медициналық қызмет көрсету шарттары, емдеу және оңалту әдістері туралы және медициналық күтім мен қызметтерге қалай қатыса алатыны туралы түсінікті әрі жеңіл түрде ақпарат береді.

6.2. Орталық пациентке және оның отбасы мүшелеріне емдеу мен оңалтудан бас тартуға, тоқтатуға қатысты құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді.

6.3. Орталық пациент пен оның отбасы мүшелерінің емдік оңалту іс-шараларындағы өзгерістер туралы шешім қабылдауға қатысуын қолдайды.

7. Орталық пациентке қызмет көрсетуге қатысты шағымды алу, қақтығыс пен келіспеушілікке ден қою үдерісі жөнінде, сондай-ақ пациенттің бұл үдеріске қатысу құқығы туралы пациенттер мен олардың отбасы мүшелеріне хабарлайды.

7.1. Орталық пациенттің күтіміне және оған қызмет көрсетуге қатысты маңызды мәселелерді талқылау үшін пациенттің/отбасы мүшелерінің ұйымдасқан түрде кездесуіне мүмкіндік береді.

8. Барлық пациентке олардың құқықтары мен міндеттері туралы қарапайым әрі түсінікті түрде ақпарат беріледі.

ПАЦИЕНТТЕРДІҢ ОРТАЛЫҚТА БОЛУ ТӘРТІБІ



Пациенттерге зат беріп жіберу, кіру, серуендеу уақыты
10:00-ден 20:00 дейін (жазда), 10:00-ден 19:00 дейін (қыста)



Күтушісіз жатқан пациенттерден **20:00** –ден таңғы **08:00**-ге дейін **мобильді телефондары алынып қояды**



Пациенттің Орталықтан өз бетінше кетіп қалуы медициналық көмектен бас тарту ретінде бағаланады. Стационардан мерзімінен бұрын шығарылады. Бір жаққа шығарда **қолхат** жазу керек.



Бір жасқа дейінгі емізетін баласы бар ана
тегін тамақпен қамтылады



1 жастан асқан балалармен жатқан күтушілер
ақылы негізде тамақтанады



Оңалту курсы **24т/күн** және шығатын күні **12:00-ге** дейін



Маршрут парағына сәйкес белгіленген режим сақталуы тиіс



Орталыққа түскен түні **браслет беріледі** және оны шыққан күні ғана шешу керек. Браслет бүлініп қалса, **дереу ауыстыру қажет**



Пациенттердің ата-аналары Орталықта жатқан барлық кезеңде **бейдж** тағып жүруі керек.



Келген күні чемодандарды/сөмкелерді сақтау камерасына өткізу керек



Тоңазытқыштағы тағамдарды **датасын көрсете отырып**, таңбалау қажет



Палатада тазалық пен тәртіпті сақтап, төсегі мен тумбасын **ұқыпты ұстау**



Қол гигиенасын сақтау



Орталықтың жабдықтары мен құралдарын **күтіп ұстау**



Пациенттің әрекеті салдарынан Орталықтың мүлкі бүлінген жағдайда, ол заңнамаға сәйкес **материалдық жауапкершілікте** болады, оның ішінде Орталықтың мүлкі мен жабдығына келтірген шығынды өтейді.

ТӘРТІП БҰЗУ БОЛЫП САНАЛАДЫ



Персоналға дәрекілік таныту, құрметтемеу



Емшараға және түзету сабақтарына себепсіз келмей қалу немесе кешігу



Дәрігердің талаптары мен ұсынымдарын орындамау



Палатада электрмен жылыту аспаптарын қосу



Қызметкерлерді және басқа адамдарды олардың келісімінсіз фото-видеоға түсіру



Бөлімшеде, палатада кір жуу

БОЛМАЙДЫ



Жеке заттарды қараусыз қалдыруға



Айналаңдағы адамдармен пациенттің сырқатын талқылауға және емдеу бойынша кеңес беруге

ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ



Темекі шегуге, спиртті ішімдік ішуге және тыйым салынған басқа препараттарды қолдануға



Шулауға, айқайлап сөйлеуге, былапыт сөздерді айтуға, **22:00-ден 07:00-ге** дейін тыныштықты бұзуға



Карта және басқа да азарт ойындарын ойнауға



Терезенің алдына отыруға, тұруға, терезеден басын шығарып сөйлесуге, терезеден қоқыс және басқа да заттарды тастауға



Баланы қараусыз қалдыруға

ӨЗІҢІЗДІ ЖӘНЕ БАЛАҢЫЗДЫ ҚҰЛАП ҚАЛУДАН САҚТАҢЫЗ



ТАБАНЫ ЫҢҒАЙЛЫ, ТАЙҒАНАМАЙТЫН
аяқкиім киіңіз



Орталықта жүргенде
**ОРТОПЕДИЯЛЫҚ КӨМЕКШІ ҚҰРАЛДАРДЫ,
ТІРЕУІШТЕРДІ** қолданыңыз



Қозғалыстағы
Мүгедектер арбасын **АҚЫРЫН ТОҚТАҢЫЗ**



Көзіңіз нашар көрсе, **КӨЗІЛДІРІК** тағып жүріңіз



Түнде төсектен тұрсаңыз, **ЖАРЫҚТЫ ҚОСЫҢЫЗ**,
содан кейін балаға барыңыз



ДЫМҚЫЛ еденді баспаңыз



Өзіңізде не балаңызда бас айналу, ауыру
немесе басқа да жағымсыз белгілер болса,
міндетті түрде **МЕЙІРГЕРДІ ШАҚЫРЫҢЫЗ**



Төсекте ұйықтап жатқан баланы
ЖАЛҒЫЗ ҚАЛДЫРМАҢЫЗ -
құлап қалмас үшін бортты пайдаланыңыз
немесе жұмсақ нәрсе қойыңыз



1 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ТАМАҚТАНДЫРУ БӨЛМЕСІН ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕСІ



Гигиена

Кіреберісте қолыңызды антисептикпен өңдеңіз

Тек таза ыдыс-аяқ пен керек-жарақты пайдаланыңыз

Баланы тамақтандырғаннан кейін өзіңізден кейінгі орынды жинап,
пайдаланылған ыдысты жуыңыз

Қоқысты арнайы контейнерлерге дер кезінде тастаңыз



Тамақтандыру

Бөлмеде баланы емізуге немесе арнайы қоспаны
өзірлеуге рұқсат етіледі

Тамақты жылыту үшін тек ұсынылған жабдықты
(плита, бумен пісіргіш) пайдаланыңыз

Баланы қараусыз қалдырмаңыз



Қауіпсіздік

Баланы тамақтандырар алдында тамақтың температурасын
тексеріңіз

Қосулы тұрған электр жабдығын қараусыз қалдырмаңыз

Жабдықта қандай да бір ақау бар екенін байқасаңыз,
дереу медициналық персоналға хабарлаңыз



Тәртіп сақтау

Жиһаз бен жабдықты пайдаланғаннан кейін реттеп кетіңіз

Басқа да аналар мен сәбилердің мазасын алмас үшін
бөлмеде тыныштық сақтаңыз және артық шу шығармаңыз



1 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ КИІМДЕРІН ЖУУҒА ЖӘНЕ КЕПТІРУГЕ АРНАЛҒАН МАШИНАНЫ ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША ЖАДЫНАМА



Жалпы ұсыныстар

1 жасқа дейінгі балалардың киімі мен текстиль өнімдері аллергия мен инфекцияның алдын алу үшін ерекше күтімді қажет етеді



Тек медициналық мекеме ұсынған арнайы балаларға арналған немесе гипоаллергенді жуу құралдарын пайдаланыңыз және тек 1 жасқа дейінгі балалардың заттарын жуыңыз



Заттарды түсі мен матаның түріне қарай бөліңіз
Деформацияның алдын алу үшін сыдырмаларды жабыңыз
Барабанды артық жүктемеңіз



Киімдегі кірді жуу алдында аз мөлшердегі балаларға арналған жуу құралымен суға батырып, қолмен жуыңыз



Машина мен киімнің зақымдануын болдырмау үшін қалталарды және сыдырмаларды тексеріңіз



Бактерияларды сенімді жою үшін жуу температурасы 60°C-тан төмен болмауы керек



Жуу және кептіру үшін балалар киіміне немесе нәзік жуу режимдерін таңдаңыз



Кептіргішті қолданар алдында сүзгілердің таза екеніне көз жеткізіңіз. Киімді артық кептірмеңіз — бұл матаны зақымдап, оның қасиеттерін төмендетуі мүмкін

Әр қолданғаннан кейін жуу машинасының барабанын және тығыздау резеңкелерін сүртіңіз

жұмыс істеп тұрған кір машинасы мен кептіргішке балалардың жақындауына жол бермеңіз

Кір жиналмауы үшін жуу уақытын және кестесін қатаң сақтаңыз



ҚОЛ ГИГИЕНАСЫ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ




дәретханадан
шыққанда




ақша
ұстағаннан
кейін




бөлімге,
палатаға
кірерде,
шығарда



тамақтанар
алдында




мұрын
тазалағаннан
кейін



0-қабат

- ЛИФТ
- КІР ЖУАТЫН ОРЫН
- ОРТЕЗДЕУ ЖӘНЕ
МОДЕЛЬДЕУ ЗЕРТХАНАСЫ
- ТЕХНИКАЛЫҚ ҮЙ-ЖАЙ
- АВТОДРОМ

Орталықтың сызбасы



I қабат



Сіз тұрған жер



ҚЫСҚЫ БАҚ



АҚЫЛЫ БӨЛІМШЕ



РОБОТТАНДЫРЫЛҒАН
ОҢАЛТУ ЗЕРТХАНАСЫ



МЕКТЕП



ФИЗИКАЛЫҚ МЕДИЦИНА
ЖӘНЕ ОҢАЛТУ



ДӘРІХАНА



ДҮКЕНДЕР



ЛИФТ



ҚАБЫЛДАУ СЕКТОРЫ



АҚЫЛЫ ПАЛАТАЛАР




ГАРДЕРОБ




HALYK
BANK банкомат

Орталықтың сызбасы



II ҚАБАТ

- ЛИФТ
- АСХАНА
- ДҮКЕНДЕР
- ФИЗИКАЛЫҚ МЕДИЦИНА ЖӘНЕ ОҢАЛТУ
- ТҰЗ ШАХТАСЫ
- ФИТО БАР
- МЕКТЕП
- ӘКІМШІЛІК
- КІТАПХАНА
- ОТТОБУК ОТТОВОСК



III қабат

- ЛИФТ
- АСХАНА
- МЕКТЕП
- БУФЕТ
- “ГЕРМАНИЯ” ЗАЛЫ



Кір жуу
(үтіктемейді)

Ата-аналарды тамақтандыру

Электроэнцефалография (ЭЭГ)

**Физиотерапия,
бальнеогидротерапия**

**ЕДШ, гидрокинезотерапия,
механотерапия, роботталған
кинезотерапия**

Рефлексотерапия

Психотерапия

Массаж

Ортездеу

**Жолда жүру ережесі бойынша
автодромдағы сабақ**

Сурдопедагог қызметі

Ойын терапеві қызметі

Музыка терапеві қызметі

Эрготерапевт қызметі

Логопед қызметі

Дефектолог қызметі

“RELAX” (ересектерге)
(“Шарко” душы, су асты массажи,
электроүйқы)

1 кг - 700тг

9:00 - 12:30 қабылдайды
14:00 - 18:00 беріледі

5 000 тг - 3 мезгіл тамақ

8 000 тг-ден бастап

1 100 тг-ден бастап

3 000 тг-ден бастап

6 000 тг-ден бастап

7 000 тг-ден бастап

2 000 тг-ден бастап

6 000 тг-ден бастап

3 500 тг

6 000 тг-ден бастап

4 500 тг-ден бастап

4 500 тг-ден бастап

4 500 тг-ден бастап

6 000 тг-ден бастап

5 000 тг-ден бастап

43 650 тг

Ресми сайт



Күтім мен қолдаудың сапасын жақсартуға бағытталған қосымша қызмет түрлерін пайдалана аласыздар. Олар туралы толық ақпаратты алу үшін **QR-кодты** сканерлеп, біздің ресми сайтымызға кіріңіз **www.nccr.kz**.

Біз әрқашан көмектесуге дайынбыз.

ЕМ НӘТИЖЕЛІ БОЛУЫ ҮШІН БІРЛЕСІП ӘРЕКЕТ ЕТУІМІЗ КЕРЕК!

ҚҰРМЕТТІ ПАЦИЕНТ!

Біз әрдайым пациенттерімізге жоғары деңгейдегі медициналық көмек көрсетуге және жайлы жағдай жасауға тырысамыз. Егер қызмет сапасына қатысты ұсыныстарыңыз немесе сұрақтарыңыз болса, сенім телефонына хабарласуға болады.

Сіздің пікіріңіз жұмысымызды жақсартуға түсуге көмектеседі.

Пациенттерді қолдау және ішкі бақылау қызметі
(сенім телефоны): 51 15 45



Жұмыс кестесі:


Дс-Жм, сағ: 08:30 - 17:30

Сн, Жс - демалыс

+7 (7172) 511-612

+7 (7172) 511-555

Колл-центр: +7 (7172) 267-107



NCCR.KZ



Мекенжай: Тұран даңғылы, 36

Индекс: 010000,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

“SANA” JANA URPAQ ORTALIGI аялдамасы

Автобустар: 26, 40, 50, 51, 53, 61



Журнал центра



Халықаралық ынтымақтастық:

+7 (7172) 511-740

medtour.nccr@mail.ru

Кеңсе - kence@nccr.kz

СҰРАҚ - ЖАУАП

- Сабақ уақытын неліктен ұзартуға болмайды? (мысалы, бассейн, логопед, су процедуралары, эрготерапия, ЕДШ

Сабақ саны ҚР ДСМ бекіткен оңалту хаттамаларымен қатаң реттелген. Әрбір бағыт бірін-бірі толықтырады: ЕДШ – эрготерапия – ойын терапиясы – музыка терапиясы – психолог – дефектолог – логопед және т.б.

– Ата-аналарды тегін тамақтандыру неге квотаға кірмейді?

Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі №360-VI Кодексіне сәйкес бір жасқа дейінгі баланы емізетін ана балаға күтім жасау үшін медициналық ұйымда жатқан барлық кезеңінде тегін тамақпен қамтамасыз етіледі.

– Балаларға берілетін тамақ сапасын жақсарту керек

Оңалту емін алып жатқан балаларға арналған ас мәзірі 2002 жылғы 28 қаңтардағы №128 қаулы нормаларына сәйкес келісілген, сондай-ақ 14 күндік перспективалық мәзір Басқарма төрағасымен келісіліп, бекітілген.

– Неліктен кейбір палаталарда кварц жоқ?

Негізінен кварц шамдары режимдік, процедуралық кабинеттерде қолданылады, яғни әр ағымдағы тазартудан кейін бактерицидті сәулелендіргіш қосылып, бөлме желдетіледі. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 тамыздағы № ҚР ДСМ – 96/2020 бұйрығына сәйкес, «Денсаулық сақтау нысандарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережелерімен реттеледі.

– Оңалту неше күнге созылады?

25 күн немесе 24 төсек-күн.

– Сіздер еңбекке жарамсыздық парағын бересіздер ме?

Иә. Еңбекке жарамсыздық парағы қажет болған жағдайда, Орталыққа келген күні дәрігерге ескертіңіз.